

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 522 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 тамызда № 11962 болып тіркелді

«Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 453 қаулысын іске асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015-2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес орналастырылсын.

2. Экономика және қаржы департаменті (Т.А.Нұрғожаева) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын білім алушылар контингентіне сәйкес қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Кәсіптік-техникалық және орта білімнен кейінгі білімді жаңғырту департаменті (С.М.Мадеев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурстарына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министрі Е.Н.Иманғалиевке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№ р/с	Оқу орындарының атауы	Оның ішінде мамандықтар бойынша				
		Мамандықтардың атауы	Саны (адам)	оның ішінде қазақ тілінде оқыту	9 - сынып негізінде	11 - сынып негізінде
1	Р.Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ақпараттық жүйелер: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	25	-
		Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	25	-
		Кәсіптік оқыту: Біліктілігі: «Өндірістік оқыту шебері, техник»	20	20	-	20
	Барлығы		70	70	50	20
2	Бөбек Ұлттық ғылыми практикалық білім беру және сауықтыру орталығы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Бастауыш білім беру: Біліктілігі: «Бастауыш білім беру мұғалімі»	20	20	-	20
		Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу: Біліктілігі: «Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеші»	20	20	-	20
		Негізгі орта білім беру: Біліктілігі: «Өзін-өзі тану мұғалімі»	24	24	-	24
	Барлығы		64	64	-	64
3	Қызылорда «Қызмет» колледжі	Экология және табиғатты қорғау қызметі: Біліктілігі: «Ерекше қорғаудағы табиғи аймақтар технигі»	20	20	20	-
			20	20	20	-
4	Ж.Букуенов атындағы Қарағанды банк колледжі	Өрт қауіпсіздігі: Біліктілігі: «Өрт инспекторы»	20	20	20	-
			20	20	20	-

5	«Яссы» колледжі, Кентау қаласы	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу: Біліктілік: «Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі»	24	24	24	-
		Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	25	-
	Барлығы		49	49	49	
	Жезқазған көлік және бизнес колледжі	Теміржол көліктерінде қозғалысты басқару және тасымалдауды ұйымдастыру (түрлері бойынша)	25	25	25	-
	Барлығы		25	25	25	-
7	Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	Автоматтандыру және басқару: Біліктілігі «Электромеханик»	20	20	20	-
		Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша),:	20	20	20	-
	Барлығы		40	40	40	-
8	Семей қаласы «Қазақстан тұтынушылар одағы агробизнес және экономика колледжі»	Агрономия: Біліктілігі «Агроном»	7	7	-	7
		Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафтық құрылыс, Біліктілігі: «Орман шебері»	20	20	-	20
	Барлығы		27	27	-	27
9	Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжі	Бастауыш білім беру: Біліктілігі: «Бастауыш білім беру мұғалімі»	24	24	24	-
		Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану: Біліктілігі: «Техник-құрылысшы»	25	25	25	-
		Экология және табиғаты қорғау қызметі: Біліктілігі: «Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар технигі»	25	25	25	-
	Барлығы		74	74	74	-
10	Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	-	25
	Барлығы		25	25	-	25
11	Қарағанды политехникалық колледжі	Төтенше жағдайларда қорғау: Біліктілігі: «Техник»	25	-	25	-
		Теміржол көліктерінде қозғалысты басқару және тасымалдауды ұйымдастыру (түрлері бойынша)	25	-	25	-
	Барлығы		50	-	50	-
12	«Гуманитарлық агроэкономикалық колледж»	Мал дәрігерлік: Біліктілігі: «Мал дәрігерлік-техник»	25	25	25	
		Ақпараттық жүйелер: Біліктілігі: «Техник»	25	25	25	-
	Барлығы		50	50	50	-

13	«Абылай хан» атындағы колледж	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	25	-
		Төтенше жағдайларда қорғау: Біліктілігі: «Техник»	25	25	25	-
		Дене тәрбиесі және спорт: Біліктілігі: «Дене тәрбиесі және спорт мұғалімі»	24	24	24	-
	Барлығы		74	74	74	-
14	Каспий өңірінің қазіргі замандағы колледжі	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	25	-
		Ақпараттық жүйелер, біліктілік: Біліктілігі: «Техник-бағдарламашы»	25	25	25	-
	Барлығы		50	50	50	-
15	Электротехникалық колледж, Семей қаласы	Темір жол электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету (салалар бойынша)	25	25	-	25
		Электрмен қамсыздандыру: Біліктілігі: салалар бойынша	5	5	-	5
	Барлығы		25	25	-	25
16	Атырау қаласы «Арес Petrotechnic Жоғарғы техникалық мектебі» ЖШС	Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы: Біліктілігі: «Бұрғылау қондырғыларының мотористі»	150	-	-	150
		Мұнай және газ кен орындарын пайдалану: Біліктілігі: «Мұнайгаз кәсіпшілігі жабдықтырына қызмет көрсету бойынша агрегаттар машинисі»	75	-	-	75
		Электрмен қамсыздандыру: Біліктілігі: «Электрқондырғылары және күштік желісі бойынша электромонтаждаушы»	75	-	-	75
	Барлығы		300			300
17	Оңтүстік Қазақстан жаңа технология колледжі	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану: Біліктілігі: «Техник-құрылысшы» біліктілігі	23	23	-	23
	Барлығы		23	23	-	23
18	Атырауский аграрлық техникалық колледж	Су көлікті пайдалану: кеме жүргізуш-техник (түрлері бойынша)	40	20	40	-
	Барлығы		40	20	40	-
19	«Каспий өңірі «Болашақ» колледжі» ЖШС	Теңіз техникасын электроремонттау (түрлері бойынша)	20	-	20	-
		Кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету және кеме жасау (түрлері бойынша)	20	-	20	-
	Барлығы		40	-	40	-

20	Кентау политехникалық колледжі	Электрлі және электромеханикалық жабдықтарды жөндеу, қызмет көрсету және техникалық пайдалану (түрлері бойынша)	20	-	-	20
	Барлығы		20	-	-	20
21	«Жас Өркен» колледжі, Қызылорда қаласы	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	20	20	20	-
	Барлығы		20	20	20	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК